

ЖОБА

2020-2022 жылдарға арналған Ақай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақай ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер– 18 187 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 858 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 16 309 мың теңге;

2) шығындар – 18 187 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 теңге.

2. Ақай ауылдық округінің бюджеттің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 29 қарашадағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

4. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі –15 809 мың теңге сомасында көзделді.

5. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына - 500 мың теңге;

6. «Алға аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық
мәслихат сессиясының
төрағасы
М.Муратбаев**

**Аудандық
мәслихат хатшысы
Б. Жұмабаев**